Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің
“Қарлығаш” бөбекжай-бақшасы”МКҚК

Ата-аналарға консультациялық пункт жұмыс жоспарына сәйкес балабақшада **«Мен Отаныммен мақтанамын»** атты тақырыпта мерекелік іс-шара өткізілді.

Анықтама

Мерзімі:23.10.2026жыл

Мақсаты: Балалардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыру,Отанға,туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру және мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге тәрбиелеу.

Қазақстан Республикасының ұлттық мерекесі – Республика күніне орай балабақшамызда тәрбиеленушілердің бойында отансүйгіштік сезімін қалыптастыру, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында мерекелік іс-шара өткізілді.Мерекелік шара шымылдығы Қазақстан Республикасының Әнұранымен ашылып,тәрбиеленушілер мемлекеттік рәміздерге ерекше құрмет көрсетті.

Іс-шара барысында балаларға Республика күнінің маңызы туралы түсінік беріліп, Отан, туған жер, Қазақстан туралы өлеңдер оқылып, патриоттық әндер орындалды. Сонымен қатар, балалар ұлттық ойындарға қатысып, мерекеге арналған түрлі қызықты тапсырмаларды орындады.«Менің Отаным Қазақстан» атты шағын көрме ұйымдастырылды.Бұл шара балалардың шығамашылық қабілетін арттырумен бірге,елге деген мақтаныш сезімін бекемдей түсті.

Мерекелік іс-шара балалардың көңілінен шығып, олардың бойында Қазақстанға деген мақтаныш сезімін оятуға ықпал етті. Іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, өз мақсатына жетті.

Қорытынды: Республика күніне арналған іс-шара балалардың патриоттық сезімдерін дамытуға, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге және елін сүюге тәрбиелеуге бағытталды.



26mm f/2.8 1/100s ISO
22.10.2026, 1





ivo V60 Lite 5G |

26mm f/2.8 1/100s ISC
22.10.2026, 1